

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік», 2017 ж.
2. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Қазақстан мұғалімі, 2004.
3. Омарбекова Г.Ә. Тіл және жаһандану: оқу құралы. – Нұр-Сұлтан: «Fastprint» баспасы, 2019. – 160 б.
4. http://www.edu.gov.kz/kz/governance/minister/intervju/gosprogramma_startovala
5. Мухамажитов А. 12 жылдық білім беруге сай мамандықтарды дайындаудың өзекті мәселелері. Алматы, 2016.
6. Тапаева А.П. Мектеп жағдайындағы құзыреттілікті қалыптастыру. Молодой ученый.- 2015. - №4. - Б.50-52.
7. Құрманалина Ш.Х. Педагогика. - Астана -2007.
8. <https://digitalkz.kz/wp-content/uploads/2020/03/>

Аубакирова Д., Аяған Е.С.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРЫНДА ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУ

Аннотация. Бұл мақалада қазіргі заманның талабына сәйкес инновациялық технологияны оқыту процесінде тиімді пайдаланудың мүмкіндіктері қарастырылған. Сондықтан ХХІ ғасыр-заманауи педагогикалық технологияны оқыту процесінде пайдалану туралы ғылыми зерттеулерге талдау жасалынды. Дамыған шет елдерде жаңа педагогикалық технологиялардың оқыту процесіндегі тиімділігін зерттеу ауқымды түрде жүргізілгені сипатталады. Жаңа педагогикалық технологияларды техникалық оқыту құралдары ретінде қолданудың мәселелерін зерттеушілерге тұжырымдар жасалынды. Инновациялық технологияларды оқыту процесінде жүзеге асыру мүмкіндіктері мен ерекшеліктері анықталды.

Кілт сөздер: педагогика, технология, оқыту, процесс, инновация, заманауи, техникалық, құралдар, модульдік дидактика, әдістеме.

Қазіргі кезде жаңа Қазақстан құруды қолға алып жатқанда жасұрпаққа әлемдік деңгейде заманауи білім мен тәрбие беру өзекті мәселе екенін айтқан жөн. Сондықтан оқушыларға инновациялық білімді жаңа педагогикалық технологиялар арқылы оқыту процесінде іске асыру мәселесі тұр.

Отыз жылдан астам уақыт бұрын АҚШ-та пайда болып, «педагогикалық технология» термині барлық дамыған елдердің сөз қорына жылдам кірігіп кетті. Шетел педагогикалық әдебиетте «педагогикалық технология» немесе «оқыту технологиясы» термині алғашында оқыту үдерісін техникалау идеясымен байланыста болды, оның жақтастары оқыту үдерісінің тиімділігін арттырудың негізгі тәсілі ретінде оқытудың техникалық құралдарын кеңінен қолдануды ұсынды. Мұндай түсіндіру өткен ғасырдың 70-ші жж. дейін сақталынып келді.

70-ші жылдары педагогикада оқыту үдерісін толық басқарылу идеясы жеткілікті дәрежеде қалыптасып, ол біраз уақыттан кейін педагогикалық тәжірибедегі келесі мақсатқа әкеліп тіреді: дидактикалық мәселелер оларға қол жеткізу анық сипаттама мен анықтамаға берілуі қажет нақты белгіленген мақсаттармен оқу үдерісін басқару арқылы шешілуі мүмкін[3]. Сәйкесінше, көптеген халықаралық басылымдарда педагогикалық технологияның мәнін жаңаша түсіндіру орын алады: педагогикалық технология – бұл «оқытудың техникалық құралдарын немесе компьютерлерді пайдалану саласындағы жай зерттеулер емес; бұл білім беру тиімділігін арттыратын факторларды талдау жолымен, тәсілдер мен материалдарды құрастыру мен қолдану жолымен, сонымен қатар қолданылып жатқан әдістерді бағалау арқылы білім беру үдерісін оңтайландырудың қағидаларын анықтап, тәсілдерін әзірлеу мақсатымен зерттеулер жүргізу.»

Айта кету керек, қазіргі кезде шетел әдебиетте педагогикалық технологияның мәнін алғашқыдай түсіну (педагогикалық технология оқытуда ОТҚ-ны барынша қолдану ретінде) де, педагогикалық технологияны оқыту үдерісін басқару идеясымен байланысты түсіну де (яғни, оқыту

мақсаттарын барлық оқыту үдерісінің барысын жобалау мақсаттарымен сәйкес құрастыру, тандалған түрлер, әдістер, құралдардың тиімділігін тексеру және бағалау, ағымдық нәтижелерді бақылау, түзетуші шаралар) кездеседі. Оқыту үдерісін басқару идеясымен астасып жатқан педагогикалық технологияның мәнін аша отырып, жапон ғалымы Т.Сакомото педагогикалық технология педагогикаға басқаша «білім беруді жүйелендіру» немесе «сыныптық оқытуды жүйелендіру» деп атауға болатын ойлаудың жүйелі тәсілін енгізуді білдіреді деп жазған болатын[4].

Оқытуға деген жүйелі тәсіл «педагогикалық технология» түсінігінің маңызды сипаттамасы ретінде ЮНЕСКО-ның анықтамасында көрініс алды, оған сәйкес педагогикалық технология – бұл алдына білім беру түрлерін оңтайландыру міндетін қоятын, барлық оқыту үдерісін құру, қолдану мен анықтаудың және техникалық пен адам қорларын және олардың өзара әрекеттесуін ескере отырып білімді меңгерудің жүйелі әдісі.

Отандық педагогикалық әдебиетте, көптеген авторлар орынды атап өтетіндей, «педагогикалық технология» терминін түсініп, қолдануға қатысты түрлі пікірлер бар. В.П. Беспалько педагогикалық технологияны алға қойылған білім берудің мақсаттарын табысты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін оқыту мен тәрбиелеудің теориялық негізделген үдерістерін әрекетке енгізу құралдары мен әдістерінің жиынтығы ретінде анықтайды. Б.Т. Лихачевтің пікірінше, педагогикалық технология – оқытудың, тәрбиелік құралдарының түрлері, әдістері, тәсілдері, амалдарының үйлесуін және арнайы жиынтығын анықтайтын психологиялық-педагогикалық мақсаттарының жиынтығы; ол педагогикалық үдерістің ұйымдастырушылық-әдістемелік құралдарының тобы болып табылады. М.В. Кларин бойынша, педагогикалық технология педагогикалық мақсаттарға қол жеткізу үшін пайдаланатын барлық жеке даралық, амалдық және әдістемелік құралдардың жүйелі жиынтығы мен қызмет ету тәртібін білдіреді. Г.К. Селевко «педагогикалық технологияда» үш аспектіні бөліп көрсетеді:

- ғылыми: педагогикалық технологиялар – оқытудың мақсаттарын, мазмұнын және әдістерін зерттеп, құрастыратын және педагогикалық үдерістерді жобалайтын педагогикалық ғылымның бір бөлігі;

- үдерістік-сипаттамалық: үдерістің сипаттамасы (алгоритм), оқытудың жоспарланған мақсаттарына қол жеткізу үшін мақсаттар, мазмұн, әдістер мен құралдардың жиынтығы;

- үдерістік-әрекеттік: технологиялық (педагогикалық) үдерісті жүзеге асыру, барлық жеке даралық, амалдық және әдістемелік құралдарының қызмет етуі.

М.В. Кларин орынды атап көрсеткендей, «педагогикалық технология» түсінігі оқыту саласымен шектелетін шетелдік педагогикаға қарағанда, отандық педагогикада оқыту мен тәрбиелеу үдерістерімен байланыста болады.

Білім беру тәжірибесінде «педагогикалық технология» түсінігі үш иерархиялық матасқан деңгейлерде қолданылады: [5]

1) Жалпыпедагогикалық (жалпыдидактикалық) деңгей: алпыпедагогикалық (жалпыдидактикалық, жалпытәрбиелік) технология берілген аймақтағы, оқу орнындағы, оқытудың белгілі бір сатысындағы біртұтас білім беру үдерісін сипаттайды. Бұнда педагогикалық технология мен педагогикалық жүйе синонимдес: оған оқытудың мақсаттары, мазмұны, құралдары мен әдістерінің жиынтығы, үдеріс субъектілері мен объектілері қызметінің алгоритмі кіреді.

2) Жекеәдістемелік (пәндік) деңгей: «жекепәндік педагогикалық технология» термині «жеке әдістеме» мағынасында, яғни бір пән, сынып, ұстаз шеберханасы шеңберінде (пәнді оқыту әдістемесі, орнын толтыратын оқыту әдістемесі, ұстаз, тәрбиеші қызметінің әдістемесі) оқыту мен тәрбиелеудің белгілі бір мазмұнын жүзеге асыру үшін әдістер мен құралдардың жиынтығы ретінде қолданылады.

3) Жергілікті (модульдік) деңгей: жергілікті технология өзі оқу-тәрбиелік үдерістің жеке бөліктерінің технологиясын, жеке дидактикалық және тәрбиелік міндеттерді шешуді (жеке қызметтер түрлерінің, түсініктердің қалыптасуының, жеке тұлғалық қасиеттерді тәрбиелеу технологиясы, сабақ технологиясы, жаңа білімдерді игеру, материалды қайталау және бақылау технологиясы, өзіндік жұмыс технологиясы және т.б.) көрсетеді.

Жоғарыда көрсетілген анықтамалар педагогикалық технологияның негізгі құрылымдық құрамын бөлуге мүмкіндік береді:

а) тұғырнамалық негіз;

б) оқытудың мазмұндамалық бөлімі:

- оқыту мақсаты – жалпы және нақты;

- оқу мәліметтерінің мазмұны;

в) үдерістік бөлім – технологиялық үдеріс:

- оқу барысын ұйымдастыру;

- оқушылардың оқу қызметінің әдістері мен түрлері;

- оқытушы жұмысының әдістері мен түрлері;
- мәліметтерді игеру үдерісін басқарудағы оқытушының қызметі;
- оқу барысын талдау.

Сонымен, қандай педагогикалық технология болмасын негізгі әдістемелік талаптарды қанағаттандыруы қажет (Г.К. Селевко): [6]

Тұғырнамалылық. Әрбір педагогикалық технологияға білім беру мақсатына жетуде философиялық, психологиялық, дидактикалық, әлеуметтік-педагогикалық тұрғыда айқындайтын нақты ғылыми тұғырнама тән болуы қажет.

Жүйелілік. Педагогикалық технологияда жүйеге тән барлық сипаттар болуы шарт, олар: үдеріс қисыны, оның барлық бөлімдерінің өзара байланыстылығы, тұтастығы.

Басқарылу оқыту үдерісін мақсатты талдауды, жоспарлауды, жобалауды, кезеңдік талдауды, нәтижелерді түзету мақсатында құралдар мен әдістерді түрлендіруді білдіреді.

Тиімділік. Қазіргі педагогикалық технологиялар бәсекелестік жағдайында өмір сүріп келеді және белгілі бір оқу стандартына жетуде кепіл болатын нәтижеде тиімді және шығында қолайлы болуы қажет.

Ұдайылық педагогикалық технологияны өзге субъектілермен, басқа біртекті білім мекемелерінде қолдануға (қайталауға, еске түсіруге) мүмкіндік береді.

Мамандықты модульдік оқытудың мәні оқушының модульдік бірліктер мен модульдік бөлшектерді жүйелі түрде меңгеруде болып отыр. Кәсіби оқытудың модульдік технологиясының икемділігі мен көптүрлілігі нарықтық қатынастар жағдайларында жұмыс орындарының сандық және сапалық өзгерісі, жұмыс күшін қайта бөлу, жұмыскерлерді жаппай қайта оқытудың қажеттілігі кезінде әсіресе өзекті. Ғылыми-техникалық прогрестің жоғары қарқындылығы жағдайларында оқытудың қысқамерзімділігі факторын да ескермей кетуге болмайды.

Модульдік оқытудың ерекшеліктері сол, оқушы оған ұсынылған құрамында әрекеттердің мақсатты бағдарламасы, ақпарат қорлары мен алға қойылған дидактикалық мақсаттарға жету үшін әдістемелік құралы бар оқу бағдарламасымен жартылай немесе толықтай өз бетімен жұмыс жасай алады. Мұндай жағдайда оқытушының қызметтері ақпараттық-бақылаушыдан кеңес берушілік-үйлестірушілікке дейін өзгере алады. Модульдік оқытудың технологиясы жүйелі квантілеу мен модульділік қағидаларының бірігуіне негізделеді. Бірінші қағида оқу ақпаратын «қысу», «ықшамдау» теориясының әдістемелік негізін құрайды. Екінші қағида модульдік оқыту әдісінің нейрофизиологиялық негізі болып табылады.

Кәсіби білім берудің модульдік жүйесінің жоғарыда көрсетілген қағидалары оның мынадай он жақтарына назар аударуға мүмкіндік береді:

- жұмыскердің кәсіби біліктілігі құрылымындағы білімдер мобильділігіне ескірген модульдік бірліктерді құрамында жана және перспективалық ақпараты бар жаңаларға ауыстыру жолымен жеткізіледі;

- оқушылардың оқытуын басқару минималды болып табылады. Бұл жұмыс кадрлары мен мамандардың болашақ оқуы мен біліктілігін жоғарылату мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

- дидактикалық модульдерді құрастыру кезіндегі оқу ақпаратының нақты, қысқа жазбаларының арқасында педагогтар мен оқушыларды ойлары мен пікірлерін қысқа келтіруге үйретеді;

- дидактикалық модульде жазылған ақпаратты меңгеру уақыты оқу материалын ұсынудың дәстүрлі түрлерімен салыстырғанда 10-14 есе көп;

- жұмыс немесе қызметтің берілген түрі үшін артық оқу ақпаратын «қысу» және «ауытқу» факторының әрекет ету есебінен оқу материалын оқыту толықтығы мен меңгеру тереңдігін жоғалтпай, оқу курсы 10-30%-ға қысқарады;

- өзін-өзі оқыту жұмыс жылдамдығын ғана емес, оқу материалының мазмұнын реттеумен бірге жүреді;

- кәсіптің (мамандықтың) дербес мағыналары бар мақсатты және мазмұндық жағынан аяқталған бөліктерге (модульдердің, блоктардың) декомпозициясына қол жеткізіледі;

- нақты өндірістік қызметті ескере отырып түрлі кәсіби блоктарды меңгеру негізінде бірнеше мамандықты оқытудың мүмкіндігі [7].

Арнайы әдебиеттерде педагогикалық технологиялардың бірнеше жіктемелері – Гульчевская В.Г., Беспалько В.П., Фоменко В.Т.-ның және т.б. ұсынылған. Ең жалпыланған түрде педагогикалық ғылымдағы және тәжірибедегі технологияларды жалпылама түрде жүйелендірген Селевко Г.К. болатын. Төменде жүйе авторымен құрастырылған жіктемелік топтарға қысқаша баяндама берілген:

- қолдану деңгейіне қарай жалпыпедагогикалық, жекеәдістемелік (пәндік) және жергілікті (модульдік) технологияларға бөлінеді.

- философиялық негіз бойынша: материалистік және идеалистік, диалектикалық және метафизикалық, ғылыми және діни, адамгершілікті және адамгершілікке қарсы, антропософты және теософты, прагматикалық және экзистенциалистік, еркін тәрбиелік пен қысама және басқа түрлері.

- психикалық дамудың жетекшілік факторы бойынша: биогендік, социогендік, психогендік және идеалистік технологиялар. Бүгінде жалпы қабылданған тұлға бұл биогендік, социогендік және психогендік факторлар жиынтық әсерінің нәтижесі, бірақ нақты технология осылардың қандай да біреуін ескеріп немесе оған сүйеніп, оны негізгі деп есептей алады. Негізінде қандай да бір факторды, әдісті, қағиданы жеке дара қолданатын монотехнологиялар болмайды – педагогикалық технологиялар әрқашанда кешенді жүргізіледі.

Пәнаралық танымдық міндеттер – оқушылардың оқу қызметін ұйымдастырудың академиялық құрылымы. Оқытудағы жағдайлық әдістер жиі танымдық үдерістердің табиғи ағымын қамтамасыз етеді, ал жұмылдыру құралдары ретінде зор мүмкіндіктерге ие болады.

«Модуль» термині – әртүрлі ақпараттық жүйелер мен құрылымдарда қолданылатын және олардың икемділігін, қайта құрылуын қамтамасыз ететін конструкциялар деп анықтайтын ақпараттанудан педагогикаға кірген. «Модуль» термині – интернационалды. ЮНЕСКО - ның тезаурусінде одан бірнеше туындамалар бар: модульдік әдіс, модульдік дайындық, модульдік кесте, модульдік тәсіл.

Модульдік тәсіл әдетте оқу материалын және процедураларын нышандық сипаттамаларды ескере отырып аяқталған бірліктер түрінде ресімдеу түрінде түсіндіріледі[8]. Өзінің бастапқы түрінде модульдік оқыту XXғ. 60-шы жж. пайда болып, ағылшын тілді елдерге тез тарап кетті. Оның мәні сол, оқушы өз бетімен дерлік немесе толықтай өз бетімен оған ұсынылған жеке оқу бағдарламасымен жұмыс істей алды, оның құрамына сабақтарды мақсатты жоспары, мәліметтер банкісі және қойылған дидактикалық мақсаттарға қол жеткізу жөніндегі әдістемелік құралдар кірді. Педагогтың қызметтері ақпараттық-бақылаушылықтан кеңес берушілік - үйлестірушілікке дейін ауытқып отырды. Модульдік оқыту әзірше тек жоғары оқу орындарында қолданылады. Модульдік оқыту теориясында «модуль» сөзі ретінде не түсініледі?

Бастауыш мектепте оқыту процесінде инновациялық педагогикалық технологияны қолдану қазіргі білім саласының талабы мен мақсаты. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларына әртүрлі пәндерді оқытқанда әлемдегі инновациялық технологияны пайдалану қазіргі оқушының заманауи білімді толық алуына мүмкіндіктер береді. Сол себептен бастауыш сынып оқушылары заман талабына сай ынталанып әлемдегі заманауи педагогикалық технологияны меңгереді.

Әдебиеттер:

1. Уроки труда в начальной школе. 1- 2 классы. / авт.-сост. Т. А. Николкина, Т.С. Гулуева, Г.П. Попова. – Волгоград: Учитель, 2017. – 287 б.
2. Уроки труда в начальной школе. 3 - 4 классы / авт.-сост. В.П. Трушина. – Волгоград: Учитель, 2017. – 287 б.
3. Руднянская Е.И. и др. Экскурсии в природу. По югу России. Осень. 1–4 классы. – Волгоград: Учитель, 2017. – 126 б.
4. Окружающий мир. 1- 4 классы: нестандартные уроки / авт.-сост. Л.И. Рудченко. – Волгоград: Учитель, 2019. – 143 б.
5. Литературное чтение. 1- 4 классы: нестандартные уроки / сост. Л.И. Рудченко. – Волгоград: Учитель, 2018. – 111 б.
6. Приглашаем на урок. 3 класс: русский язык, математика, чтение, окружающий мир. – Волгоград: Учитель, 2010. – 163 б.
7. Приглашаем на урок. 1 класс / авт.-сост. Т.В. Алтынова, О.А. Юдина. – Волгоград: Учитель, 2018. – 173 б.